

Қазақстан Республикасының білім және ғылым
министрлігі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университеті



Тақырыбы: **СӨЖ** Қазіргі қоғамдағы
аномальды балаларға деген
көзқарас

Орындаған: Құрманбек Ақнұр
СПиС 1 курс

Жоспар:

● Кіріспе

Аномальды балалар деген кімдер?

Аномальды балалардың даму тарихы.

● Негізгі бөлім

Аномальды синдромның даму себебі?

Қазіргі қоғамдағы аномальды балаларға деген көзқарас

● Қорытынды

- **Аномальды балалар** – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуаланған, жүре пайда болған ауруларды немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене немесе психикалық кемістігі бар балалар.
- **Аномальды балалар** тәрбие ісінде, оқытуда көптеген қиындықтар келтіреді. Әдетте, кемістігі бар бала ақыл-ойы мен өсуінің бұзылуы оның организмі жаңадан қалыптаса бастаған кезде пайда болады. Балалардың өсіп-дамуы бұзылған кезде алуан түрлі ауытқушылық болатындықтан, аномальды балаларды зерттеу қиындай түседі. Бұзылудың қандай түрі болмасын баланың өсіп-дамуына өз тарапынан ерекше әсер етеді.

Аномальды балалардың даму тарихы.

Ерте кезде де аномальды балаларға әлеуметтік проблема ретінде қарап, көңіл бөлген.

- Аномальды балалар қай кезде де философиялық ойға негіз болып келеді. Сондықтан да философтар, егер баланың құлағы есітпесе, көзі көрмесе, дұрыс сөйлемесе оның дүниені, өзін қоршаған ортаны танып білуі қалай өтеді деген мәселемен шұғылданды.
- Аристотель аномальды балаларға арналған екі трактат жазды. Кардано, Гольвеций, Дидро және басқалар аномальды балалар туралы арнайы кітаптар жазды.
- А.И.Радищев өзінің атақты трактатында аномальды балалар дамуының кейбір заңдылықтарын анықтайды. Неміс философтары Кант және Бауэр аномальды балалардың даму ерекшеліктері жөнінде жазды.

**есту мүшелері
нашар дамыған
балалар(керендер,
нашар еститіндер).**

**көру мүшелері
нашар дамыған
балалар (соқырлар,
нашар көретіндер).**

**Аномальды
балалардың
негізгі
топтары:**

**күрделі құрылымды
кемістігі бар балалар.
ақыл-есі нашар
дамыған балалар.**

**сөйлеу қабілеті нашар
дамыған балалар
(алалия, тұтықпа,
дислалия, дизартрия)**

Аномальды балалардың қалыпты адамдардан ерекшеліктері:



Аномальды балалар – физикалық немесе психикалық дамуы ауытқыған балалар. Кемістік немесе дефект балаларда іштен туа және жүре пайда болуы мүмкін. Себептері:

1. Іштен туа пайда болған кемістіктің болуы әр түрлі себептерге байланысты:

- Тұқым қуалаушылық;
- Жаңа дамып келе жатқан ұрыққа сыртқы ортадан химиялық, механикалық, температуралық әсерлердің ықпал етуі;
- Тамақтанудың нашарлығы;
- Организмге суық тиюдің әсері.

2. Жүре пайда болған кемістік – бұл баланың нәресте кезінде жұқпалы аурулармен науқастануы. Мысалы: эпидемиялық менингит, полиомелит, қызылша, скарлатина, т.б. аурулар

- **Қазіргі қоғамдағы аномальды балаларға деген көзқарас** аса қауіпті. Себебі олардың саны жыл сайын өсуде. Бұған басты себеп әрине жоғарыда көрсетілген факторлар.
- Біздің елімізде аномальды балаларды тәрбиелеп, оқытудың мемлекеттік негізі құрылған, арнаулы мекемелердің жүйесі бар. Бұл жүйе бойынша бастауыш білім беретін сыныптар ғана жұмыс істеп қана қоймайды, сонымен қатар орталау және орта білім беретін сыныптар да жұмыс істейді. Дефектологияның зерттеу аймағындағы негізгі мақсаты – аномальды балаларға жалпы білім беру болып табылады.
- Кәсіптік еңбекке баулу –Қыздар киім тігу, ер балалар аяқ киім жөндеу, маляр, штукатур, обой жапсыру, картонды түптеу мамандықтарын алады.

Ақыл-ойы кем балалардың ерекшелігі

Ақыл-ой кемістігін халықаралық ғылыми тілде *олигофрения* деп атайды, грек сөзі, қазақша аудармасы «ақылы таяз» деген ұғымды білдіреді. Бұл терминді ғылымға Э. Кренлин енгізген

Идиотия – гректің сөзі, қазақ тілінде «нақұрыс» деген мағына береді. Демек идиотия туа біткен психикалық бұзылудың нәтижесінен болатын ақыл-ой кемістігінің ең ауыр түрі.

Дебильділік – латынның сөзі, қазақ тіліндегі аудармасы «делікұл» деген ұғымға тура келеді. Баланың іштей жетілмей туатын физикалық және психикалық дамуындағы патологиялық кемістігін атайды.

Имбециль – қазақша «әлсіз, дәрменсіз» деген мағынада. Олар жүйке жүйелерінің, әсіресе оң жағының құрылысы мен оның қызметіне залалын тигізетін әр түрлі аурулар жиынтығының бытыраңқы қалдықтарының болатындығы анықталды.

Қорытынды:

Ақыл-ойы кем, өсуі нашар (аномальды) бала тәрбие ісінде, оқытуда көптеген қиындықтар келтіретіні белгілі. Әдетте, кемістігі бар бала ақыл-ойы мен өсуінің бұзылуы оның организмін жаңадан қалыптаса бастаған кезде пайда болады. Балалардың көпшілігінде ондай бұзылу 1-2 жас шамасында, яғни организм әлі қалыптасып, жетілмеген мезгілде болады.

Балалардың өсіп-дамуы бұзылған кезде алуан түрлі ауытқушылық болғандықтан, аномальды балаларды зерттеу қиындай түседі. Мысалы, есту мүшелері, көзі зақымданады, балаланың қимылында, жүріс-тұрысында иекемсіздік байқалады, орталық жүйке жүйесі және т.б. қызметі бұзылады. Ондай бұзылудың қайсысы да баланың өсіп-дамуына өз тарапынан әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Anamenbala.kz
2. Ж.Дүйсембин «Жас ерекшелік физиологиясы» Алматы, 2003
3. Studopedia.kz